

СБОРНИК СТАТЕЙ

**Международной научно-практической
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,
посвященной 25-летию со дня основания
Евразийского национального университета
имени Л.Н. Гумилёва**

25-26 февраля 2021 года



г. Нур-Султан, 2021



СБОРНИК СТАТЕЙ
Международной научно-практической
конференции молодых ученых
«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ
XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

25-26 февраля 2021 года

г. Нур-Султан, 2021

УДК 80/81

ББК 81.2

Н90

Рецензенты: И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали

Члены редколлегии: д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

Н-90 «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

IBSN 978-601-337-505-2

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

IBSN 978-601-337-505-2

УДК 80/81

ББК 81.2

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

«Записки из Мертвого дома» – это история жизни не в биографическом, а скорее в бытийном смысле, это история не выживания, а жизни в условиях Мертвого дома. Два взаимосвязанных процесса определяют природу повествования «Записок из Мертвого дома»: это история становления и роста живой души Горянчикова, совершающаяся по мере постижения им живых плодотворных основ народного бытия, явленных в быте Мертвого дома. Духовное самопознание рассказчика и постижение им народной стихии совершается одновременно.

Список использованной литературы:

1. Ф.М. Достоевский. Полное собрание сочинений в тридцати томах. Л. 1972, т. 3, С. 489-493.
2. К. Мочульский. Достоевский. Жизнь и творчество. Париж 1980, с.139
3. Образ автора в «Записках из Мертвого дома» Ф М Достоевского// Социальные и гуманитарные исследования - Саранск СМВО, 2000 – С. 372-376.
4. Акелькина Е.А. Записки из Мертвого дома // Достоевский: Сочинения, письма, документы: Словарь-справочник. СПб., 2008. С. 74-77.
5. В. Кирпотин, Достоевский в шестидесятые годы, Москва, 1966, с. 368.

***Аннотация:** В статье ставится задача проанализировать образ «мертвого дома» в изображении Ф.М. Достоевского. Для его героя свобода – важнейшее понятие, способ быть самим собой. В основе поступков парадоксалиста лежит жажда свободы, необходимость быть личностью.*

***Ключевые слова:** «мертвый дом», своеволие, разум*

***Abstract:** The article analyzes the in Dostoevsky's. Freedom for the hero is the most important concept, a way to be yourself. At the core of paradoxalist's actions lies thirst for freedom, the need to be a person.*

***Keywords:** dead house, willfulness, intellect*

3. ҚАБДОЛОВТЫҢ «МЕНИҢ ӘУЕЗОВІМ» РОМАН-ЭССЕСІНДЕГІ ТҮЛҒА ЖАСАУДАҒЫ ПОРТРЕТ ПЕН ДИАЛОГТИҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Сәменқызы Ұ.

1 курс докторанты

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

ulpan.samenkyzy@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Тұрысбек Р.С.

ф.ғ.д., профессор

rst58@mail.ru

Қазіргі қазақ романының жанрлық түрленуінің бір үлгісі ғалым, жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінен көрініс береді. Эссе – автордың суреттеп отырған объектісіне ашық-жарқын қарым-қатысын, сезімін білдіретін туынды. Көп жағдайда эссенің көлемі шағын болып келетін болса, автор басты кейіпкерінің тұлғасын ашып, өзінің қарым-қатысын, сезімін бейнелеуде романдық көлемге құлаш ұрады. Кейіпкерінің өзімен байланысын ғана сырлы сезімге бөлеп суреттеумен шектеліп қалмай, шығарманың кей тұстарында оқушы

қауымға басты тұлғаның таныс-бейтаныс жайларын, оның өмірінде ерекше орын алған адамдарын психологиялық толғаныс-тебіреніспен көркем баяндайды. Сондай-ақ роман-эссенің өн бойынан автор-ғалым З. Қабдолов та көрініп отырады. Абай шығармаларының М.Әуезов көзқарасымен пайымдалуы мен олардың шығармашылық туыстықтарын ашудағы ғылыми ой-толғаныстар да туындыға табиғи сіңісіп кеткен.

Роман-эссенің бас кейіпкері - қазақ әдебиетінің ұлы жазушысы, кең тынысты ғалым, үлкен жүректі ұстаз Мұхтар Әуезов. Автор эссе жанрының талабына сай кейіпкер өмірінің өзіне етене жақын және кейін өзі куә болып, бірге қызмет атқарған кездері туралы көркем тілмен сыр шертеді. Ол, ең алдымен, автордың арман қуып Алматыға келуімен, М.Әуезовтің лекциясын тау-кен институтында оқып жүріп, өз бетінше Қазақ мемлекеттік университетіне келіп тыңдауымен, кейін ұлы ұстаздың араласуымен филология факультеті студенті қатарына қабылдануымен басталса, одан кейінгі ретте онымен бір кафедрада жұмыс істеуі баяндалады. Мұнда да автор барлық жайды тізіп жазбайды. Сол уақыттағы ең маңызды және образдың жан-жақты ашылатын өмірінің тағдырлы кезеңін таңдайды.

Образ жасауда портреттің орны ерекше. Автордың романы да Әуезов портретін суреттеумен басталады. Алайда, З. Қабдоловтың портреттік сипаттауының өзіндік ерекшелігі бар. Портрет, біріншіден, ұлы жазушының әрбір сөзіне ынтық, шексіз сүйіспеншілікке толы шәкірт көзімен бейнеленсе, екіншіден, кейіпкердің өзі төгіле сөйлеген лекция үстінде үнемі өзгеріп, жаңа қырымен танылады. Автордың портреттері бір тұлғаны суреттеуге бағытталғанмен, бірін-бірі қайталамайды, керісінше бірін-бірі толықтырып, образды аша түседі.

«Ол менің оң қанатымда екі-үш адым ілгері келеді. Кеуделі, иықты, толық кісі, мол денесін ауыр қозғап, сәл теңселе басады. Бетін маған бұрғанда аздап ырғалғандай болады. Үстінде кең пішілген көнетоз сұр костюм, ақ жағада көкжолоқ галстук, әнтек қысқалау мойыны қырынан қараған адамға анық байқала бермейді. Жалаңбас, жарқыраған кең маңдайы жылтыр төбесімен жіксіз тұтасып кеткен. Шала түткен түбіттей көк мамық шаш селдірлеу, бірақ екі самайда екі уыс боп бұйралана қопсып, ұйлыға үрпиіп, көбейіп көрінеді.

Қараймын да таңданамын. Осынау бітімі бөлек бірегей, сұлу, шекесі торсықтай үлкен, домалақ бас мол денеге мойыномыртқасыз тура қондырылғандай. Содан ба, қалай, ол маған қарағанда мойнымен емес, күллі кеудесімен тұтас бұрылатын секілді. Бұған да таңданамын.

Ол бұрылғанда мен арыстан алдындағы көжектей дір-дір етіп, қайда кетерге білмей қысыламын. Және де бұрылып қараған сайын қарасынан ағы көп аумақты, ойлы көзі кең ашылып, кенет тұтанып, алаң-құлаң, жарқ-жүрқ етіп қалады. Осылай бірер қарағанда-ақ ішкі дүниенді жіті барлап, бар сырынды, жай-күйінді түп-түгел алақанға салып әкететін секілді. Сондай бір алымды, аңғарымпаз көз. Түкпір-түкпірінді тінте, ақтарып-төңкере, тексере қарайды. Мен одан сайын жасқана түсіп, дегбірім кетіп, құтым қашып келемін» [1,7-8].

Портрет бірінші жақпен, автордың қабылдауымен берілген. Сондықтан кейіпкердің портреті автордың қабылдауымен, сезімімен байытылған. Қаламгердің

көруі, тану ерекшелігі портреттің мазмұнын тереңдете түседі. Бұл портретте кейіпкердің психологиялық кескіндемесінен бұрын автордың қабылдауы жетекші орын алған.

Роман-эсседе кейіпкердің әр кезең, әр сәттегі сыртқы келбетінің өзгерісіне, психологиялық реңіне айрықша мән беріледі және соны автор барынша дәл, шынайы жеткізуге ден қояды. Шындап келгенде, портрет образдың сыртқы келбет-кескінін ғана бейнелеп қоймай, «мінез-құлықты, іс-әрекетті, характерді де қамтитыны» [2,49] анық байқалады. Шығармадағы портрет штирхтерінен М. Әуезовті сырттай білетін әрбір көзі ашық адамдардың құрметіне бөленгені көрініс береді. Ал оларға басын изей жылы жымыю – бас қаһарманның ішкі мәдениетінің, қарапайымдылығының белгісі.

Автор кейіпкердің басындағы қаһарлы сәтті де оның портретін суреттеу арқылы білдіреді.

«Әуезов төралқада, ортада отыр. Өрт сөндіргендей. Тек қасқиған жартықарыс жазық маңдайы мен самайдан шекеге ұйлыға шапшып шыққан көкмамық шашы ғана орнында, басқа реңнің бәрі өзгерген. Іштегі ұйқы-тұйқы ыза мен ызы-қиқы наланың сыртқа тепкені шығар, тумыстан қоңырқай бет-әлпеті енді бір түрлі қарасұрланып, кейде тіпті қошқылданып көрінеді. Көзінің қарасынан ағы молайып, өзін мінбеден аяусыз сабалап, жүндей түтіп тұрған кезекті кереуізге кейде шалт бұрылып, жалт қарағанда оқыс ағараң-ағараң етіп қалады» [1,103].

Мұндағы портрет кейіпкердің ішкі жан-дүниесінде болып жатқан астаң-кестең ашу-ызаның сыртқа тепсініп шығуының көркем тәсілі болып суреттелген. Автор бақылаушы, кейіпкерінің күйзелісі мен күйінішін жіті аңғарып, оқырманна жеткізеді. Мезгіл мен мекеннің сипаты, уақыттың қаһарлы кезеңі портрет арқылы нақтылана түскен.

Автор роман-эсседе М.Әуезовті өзінің таным-қабылдауымен кең суреттеу арқылы образды жан-жақты тұлғаландыруды мақсат тұтады. Күрделі тағдыр иесінің өзі танып-білген ғұмырын шығармасына арқау еткенмен, кезеңнің хронологиясын сақтауды қаламгер міндетіне алмайды. Эссе жанрының табиғатына орай, ұлы тұлғаның өзіне етене жақын кездерін бөліп, даралап алып, оған деген сүйіспеншілік, шәкірттік сезімінің жалынын бәсеңсітпей образды әр қырынан ашады.

Дегенмен портрет қаншалықты жан-жақты болғанмен, образды айшықтай түсудің бір жолы ғана. Автор келесі бір эпизодта кейіпкер диалогіне, сөйлеу машығына мән береді. Ұлы жазушының тереңнен қозғап, кең көсіліп сөйлеуін барынша дәл сақтай отырып, образды жаңа қырымен байытады.

«- Осынау кішкене бөлмедегі көрініс – біздің кең дүние көріп жүрген бүкіл қоғамымыздағы, оның ішінде әдеби һәм мәдени өміріміздегі хал-күй! – деп бастады сөзін Әуезов. – Бәрі заңды: мына екі жігіттің лекцияға қанағаттанбауы, Белгілі Бегейдің көрбалалығына көндіге алмай осында келуі, «Сонда жауап бере алман мен бейшара» деп Абай айтқандай, кафедра мүшелерінің жігіттер қойған талапқа төтеп бере алмай, Бегейді ауру адам, әфенді, Қожанәсір деп бұлармен қосыла даттағаннан басқа ештеңе тауып айта алмауы... Бәрі табиғи және дұрыс.

Бәріміз жым-жырт, үнсіз тыңдап қалдық. Мұхаң аз ойланып, сөзін әрі қарай жалғады:

- Бегейді ауру адам дейсіңдер. Қалай ауру болмасын, мұның өмір сүріп отырған қоғамы ауру, заманы ауру!

Сендердің сындарың дұрыс, әрине... Бірақ мен сынаудан бұрын аяймын бұл фақырды.

Сендер білесіңдер ме, алдымен, Белгілі кім екенін? Ал мен білемін, Ленинградта аспирант боп оқып жүрген кезінен білем. Ол кезде бұл да еркін еді, тіпті, ерсі де болса айтайын, есер еді. Сәкеншіл еді. Өзі Сәкенге еліктейтін, Сәкен болғысы келетін. Сәкеннің тәкаппарлығын, кейде тіпті кейбіреулерге керенау, кердең секілді көрінетін кербездігін үлгі тұтатын. Амал не, Сәкеннен күллі жұрт көз жазғанда, бұл да жынынан айырылған бақсыдай жым болды.

Сәкен Сейфуллин ғана емес, оның арғы-бергі жағы, ортасы-орпағымен түгел кетті. Бегейдің өзі оқып, өзгеге оқытпақ боп жүрген әдебиеті, оның тарихы мен теориясы тас-талқан болды. Таланттар кетті де, табынушылар қалды: Ілиястың орнына Жақан, Бейімбеттің орнына Қалмақан қалды. Бұлар кімге тұлға болмақ? Ал әдеби тұлғалардың, айталық, Шәкәрім мен Мағжандардың өлеңдерін оқымақ түгілі атын ауызға алудың өзі – қылмыс ретінде қаралды. Қазір де солай. Өлең дегеннің көбі шөп-шөлең, сыршыл жыр сырдан ұранға, жалған «жасасынға» ауысты. Көбікті толқын санап жүрген жайымыз бар. Осының бәрі – бір адамның – Белгілінің ғана емес, бүгінгі заманның, қоғамның сырқаты. Демек, осындай ауру ортадағы ауру, мүгедек мұғалдақтан не күтуге болады.

Сәкеншіл Белгілінің Сәкендермен бірге жетек арасында босқа атылып кетпей, аман қалғанына шүкір. Өзінің де тәубеге келгені болуға тиіс, соғысқа сұранып кетті. Сөйтіп, мойнына түрменің қарғы бауын тағудың орнына кеудесіне орден тағып қайтты. Сен Белгілі, соған мадиықтанатын шығарсың, дегенмен жігіттердікі дұрыс, сылдырмақтарыңды шинеліңнің сыртынан алып ішіне тақ, білдің бе?!» [1,81-82]

Міне, Әуезовтік сыншыл да сыршыл ой. Заман, уақыттың шындығын, оның жеке адам тағдырына әсер-ықпалын дөп басып сөйлеп, тереңнен талдап тарата өрбітеді. Диалогтен ұлы жазушыға тән парасаттылық пен жеке адамның психологиясын, оның өзгеру жайларын дәл де терең тануы, оны қоғаммен байланыстыра ой өрбітуі байқалады. Автор ұлы жазушының қасында болып, оның сөйлеу мәнерін, шешендігін құлағына сіңірген. Сондықтан да диалогте жазушының сөйлеу интонациясы мен сөзді құбылта қолдануы, логикасы берік сақталған. Оның үстіне бұл шәкірттің өзі куә болған, ойында мықтап сақталып қалған оқиға. Кейіпкердің сөзінің бастамасында «Сонда жауап бере алман мен бейшара» деп ұлы Абайдың өлең жолын келтіруі, «Бегейді ауру адам дейсіңдер. Қалай ауру болмасын, мұның өмір сүріп отырған қоғамы ауру, заманы ауру!» деп ширыға, шамырқана ой толғауы, өзге де логикалық байланысы нық, шешендікке құрылған сөз жүйесі – образды айдындыра түседі.

«...Өлең дегеннің көбі шөп-шөлең, сыршыл жыр сырдан ұранға, жалған «жасасынға» ауысты. Көбікті толқын санап жүрген жайымыз бар», - деп келетін

ұлттық әдебиетке қатысты орамды ойлары да ұлы жазушының әдебиет жөніндегі мақалаларымен сабақтастығы байқалады.

Автор бас кейіпкердің портретін түрлі қозғалыс, психикалық өзгерістер мен құбылулар үстінде кеңінен бейнелейді. Сол портреттегі данышпандық келбет енді диалогте төгіле сөйлеген шешендікпен ұласқанда, образ жан дүниелік сырларымен, парасат-пайымымен жан-жақты ашыла түседі. Қоғамдағы әділетсіздік пен өнердегі сынаржақты өткір әшкерелеу де кейіпкер көңілінде бір сәтте туындамаған. Уақыт өте келе көңілде әбден шер болып түйінделген жайлар болатын.

«Сен Белгілі, соған мадиықтанатын шығарсың, дегенмен жігіттердікі дұрыс, сылдырмақтарыңды шинеліңнің сыртынан алып ішіне тақ, білдің бе?!» - деп сөзінің соңында мәжіліске қатысып отырғандарды еріксіз күлкіге көміп тастауы да Әуезовтің сөйлеу шеберлігінің көрінісі.

Автор кейіпкердің диалогі арқылы оның кең құлашты, тереңнен қопара толғайтын ой-пайымын білдірсе, сонымен қатар қоғамдағы әділетсіздікті дөп басып айтуы, ұлт келешегіне алаңдаушылы – кемеңгер тұлғаның кешегі өз ұстаздары Алаш ардақтылары саналатын Ә. Бөкейханнан, А. Байтұрсыннан ішкі жан дүниесінде қол үзбегенін, солардың көзіне, үніне айналғанын білдіреді. Кейіпкер бұл сөзін көпшілікте айта алмайды. Сәті келгенде ғана, осындай шағын, өзіне жақын деген ортада ішкі шерін аяусыз төгеді.

Кафедраның шағын бас қосуында М.Әуезов қатар жүрген Белгілі Бегейдің, Дүйсен Байкенжиннің, Шой Ғалиевтің мінез-ұстанымына, ұстаздық-ғалымдық қызметіне жан-жақты сипаттама береді. Біраз жайларға көңілі толмайтын ол әріптестеріне достық көңілмен өткір сын айтады. Ұстаздық жолдағы, ғылымдағы адалдық пен жауапкершілікті баса айтады. Ағалық жолын нұсқайды. Оның осылай барынша шешіле сөйлеуінің себебі кейіпкердің келесі диалогінде тайға таңба басқандай айқындалады.

«- Жә, - деді Мұхаң Белгілі мен Мәкеннің сөздерін күтпестен, - мен ащы да болса ашық әңгімеге әдейі бардым. Қалай бармайын, мына жігіттердің, - деп Мерген екеумізді иегімен нұсқады, - тағдыры сендердің ғана қолдарыңда қалады...

- Қалай, қалай? – деп таңданды бағанадан бері үндемей отырған Мәкен сөзге араласып. – Бұлармен дәріс өткізетін, бұларға өнеге беретін тек осы үш-төрт доцент емес, кафедраның сырт мүшелері Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Ермахан Бекмаханов секілді әдебиетші, тарихшы профессорлар да бар емес пе? Ал өз жөніңіз тіпті бір бөлек!

- Бәлі, бар шырғалаң осыларда жатқан жоқ па?

- Не дейсіз, Мұха? – деп Мәкен тілін тістеп қалды. Мұхаң жайбарақат, шырғалаң атаулыға әбден еті үйреніп алғандай, тіпті үрейлі жәйттердің өзін, төңірегін үркітпей мәлімдеп отыр:

- Менің бағана кеш келгенімнің себебі дәл осыған байланысты еді. Үкімет үйінде ұзағырақ жүріп қалдым. Жаңағы телефонмен келген хабар да жайсыз. Өзің білгендей іріктеп атадың Мәкен. Сол үш профессор да – Қажым да, Есмағамбет те, Ермахан да жоқ қазір. Тұтқындап әкетіпті. Ал мен болсам, мен, әрине, әзірге араларыңдамын ғой, бірақ қызметте жоқпын, ректор кафедра профессорлығынан босатылсын деген бұйрық шығарыпты» [1,87].

Диалогтің типологиялық жіктелуінде ақпараттық диалогке [3,64] жатқызылғанымызбен, М. Әуезовтің сөзі, оның сөзінің өз ортасына әсері, тыңдаушыларының оған реакциясы кейіпкерлердің психологиялық өзгеріс-құбылуынан хабар береді. Бас қаһарман ішкі сезімін тежеп, тыңдаушыларына үрей тудырмау үшін байсалды жеткізгісі келгенмен, диалогтегі айтылатын хабар барынша жайсыз. ХХ ғасырдың 50-жылдарының басындағы саяси қуғындаудың басталуы, М.Әуезовтің басына да қатер бұлтының төнуі әріптестерін, тілеулес жандарды бейтарап қалдырмайды.

«Кез-келген диалог қаһармандардың ой-санасының, дүниетанымының мінез-құлқының ерекшелігін ашатынын» [4] байқаймыз.

Дарынды жазушының қолданысындағы диалог – кейіпкердің арасындағы сылдыр сөз емес, олардың тұлғалық сипатын ашудың, даралаудың көркемдік амал-тәсілдерінің бірі. Сондай-ақ, шығармадағы ұлттық бояудың кең өрісі де осы портрет пен диалогте. Академик Р. Нұрғалидың: «Портретке бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу» [5,147] екені роман-эсседе анық көрінеді. Шығармадағы М.Әуезовтің портретінен қазақ халқының қайталанбас данышпандық келбеті сезілсе, оның диалогтерінен толысқан қазақы ақыл-парасат, шешендік, қайраткерлік танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Шығармалары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т.6: «Менің Әуезовім» роман-эссе. «Мұхтар-аға» киносценарий. «...Сөз сарасы» сыр мен жыр. – 320 б.
2. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқулық. / Б. Ердембеков, Ж. Аймұхамбет, Р. Тұрысбек т.б. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012 – 216 б.
3. Иманғалиева Г. Типология диалога: Дисс.: канд. филол. наук: 10.01.01. – Алматы, 1999. – 121 с.
4. Сұлтанғалиева Р. Көркем туындыдағы диалогтың қызметі және мағыналық топтары / «Ақиқат», ақпан, 2012 ж.
5. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. – Астана: Фолиант, 2003.

***Аннотация:** Қазіргі қазақ романының жанрлық түрленуінің бір көрінісі - Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі. Мақалада роман-эссенің бас кейіпкері қазақ әдебиетінің ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің образын жасаудағы портрет пен диалогтің көркемдіктің қызметі қаралды. Автордың портреттік сипаттауының өзіндік ерекшелігі бар. Роман-эсседе портрет, біріншіден, ұлы жазушының әрбір сөзіне ынтық, шексіз сүйіспеншілікке толы шәкірт көзімен бейнеленсе, екіншіден, кейіпкердің өзі төгіле сөйлеген лекция үстінде үнемі өзгеріп, жаңа қырымен танылады. Дарынды жазушының қолданысындағы диалог – кейіпкерлердің арасындағы сылдыр сөз емес, олардың тұлғалық сипатын ашудың, даралаудың көркемдік амал-тәсілдерінің бірі. Мақалада М.Әуезовтің портретінен қазақ халқының қайталанбас данышпандық келбеті мен оның диалогтерінен толысқан ақыл-парасат, шешендік, қайраткерлік танылатындығы шығармадан үзінділер беру арқылы талданды.*

***Кілт сөздер:** роман-эссе, портрет, диалог, автор образы, автор және кейіпкер тұлғасы, ұлттық бояу.*

ARTISTIC ACTIVITY OF PORTRAIT AND DIALOGUE IN THE CREATION OF A PERSON IN NOVEL-ESSAY «MY AUEZOV» Z.KABDOLOV

Samenkyzy U.

PhD student

ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

***Abstract:** One of the manifestations of the genre transformation of the modern Kazakh novel is Zeynolla Kabdолоv's novel - essay «My Auezov». The article examines the artistic function of portraiture and dialogue in*

creating the image of the main character of the novel-essay - the great writer of Kazakh literature Mukhtar Auezov. The author's portrait description has its own originality. In the novel-essay, the portrait is depicted, firstly, through the eyes of a student who is passionate, endlessly loving to every word of the great writer, and secondly, the hero himself is constantly changing and recognizing a new aspect in the lecture which he is giving. Dialogue in the use of a talented writer is not a simple word between characters, it is also one of the artistic ways of revealing and individualizing personality. The article analyzes the unique genius appearance of the Kazakh people from the portrait of M. Auezov and his dialogues, giving excerpts from the work.

Keywords: novel-essay, portrait, dialogue, image of the author, personality of the author and hero, national identity.

СКАЗОЧНЫЙ СЮЖЕТ «ФИНИСТ ЯСНЫЙ СОКОЛ» В ФОЛЬКЛОРНОЙ И ЛИТЕРАТУРНОЙ ТРАДИЦИИ (НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА А. РУБАНОВА «ФИНИСТ – ЯСНЫЙ СОКОЛ»)

Панёва Д.В.

студент 2 курса

КФ МГУ им. М.В. Ломоносова, г. Нур-Султан, Казахстан

daryaranyova@yandex.ru

Научный руководитель – Власова Г.И.

д.ф.н., профессор

g_vlasova@mail.ru

Сказочный сюжет о волшебном женихе и влюбленной в него девушке, возвращающей его путем самоотверженных поступков, нередок [12, с. 6], однако не все типы сюжетов о «Чудесном супруге» в достаточной мере распространены, а записи самых популярных из них также немногочисленны [4, с. 112]. Самыми распространенными типами сюжетов сказки этого типа являются СУС 402 «Царевна-лягушка» и СУС 400 «Муж ищет исчезнувшую или похищенную жену». К ним примыкает и СУС 432 «Финист ясный сокол», который в системе Аарне-Томпсона именуется как «The Bird Lover» [14].

Н.П. Андреев в своем «Указателе сказочных сюжетов» дает такой комментарий: «царевич в виде сокола посещает девушку; вследствие хитрости мачехи ранит себя в окне; девушка находит и исцеляет его» [1, с. 34]. При этом он также отсылает нас к другому сказочному сюжету – под типом СУС 425 («Амур и Психея»). То же самое делает и В.Я. Пропп: по его мнению, сказка о Финисте, наряду с «Аленьким цветочком», является разновидностью сказки цикла «об Амуре и Психее» [9, с. 242]. На сегодняшний день существует «26 текстов, в той или иной степени являющихся вариантами рассматриваемого <...> сюжетного типа» [4, с. 118]. Соединение с другими типами сюжетов свойственно скорее поздним вариантам, классические же сборники следуют традиционной сюжетной схеме [4, с. 118].

В данной статье сказочный сюжет рассматривается по двум классическим вариантам – варианту №234 из сборника А.Н. Афанасьева «Народные русские сказки» и варианту из сборника «Сказки А.Н. Корольковой».